

## ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

### қызметтерді сатып алу туралы

<қызметтердің атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, бір жағынан және <жеткізушінің толық атауы>, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің резиденттік белгісі> болып табылатын, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізуші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 17-тармағының 1) тармақшасына және <хаттама бекітілген күн> тендер тәсілімен <қызметтердің атауы> қызметтерін сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес мына төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

## 1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші \_\_\_\_\_ сатып алу порталында тендер тәсілімен <қызметтердің атауы> (бұдан әрі - Қызметтер) қызметтерін сатып алуды өткізетіндігі туралы хабарландыруды орналастырды және Жеткізушіден <ҚҚС сомасын қоспағанда> \_\_\_\_\_ теңге \_\_\_ тиын (\_\_\_\_\_ теңге \_\_\_ тиын) мөлшеріндегі сомаға тендер өтінімін қабылдады.

1.2. Жеткізуші Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптарда Қызмет көрсету бойынша міндеттемені өзіне қабылдайды, ал Тапсырыс беруші Қызметтерді Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.3. Төменде келтірілген құжаттар мен оларда келісілген талаптар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

- осы Шарт;
- Сатып алынатын тауарлардың (жұмыстардың/қызметтердің) тізбесі (Шартқа №1 қосымша);
- Техникалық ерекше нұсқама (Шартқа № 2 қосымша);
- Конфиденциалдылықты сақтау туралы келісім (Шартқа № 3 қосымша);
- Конфиденциалды ақпаратты жария етпеу туралы міндеттеме (Шартқа №4 қосымша).

## 2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы <ҚҚС қоса есептегенде> \_\_\_\_\_ теңге \_\_\_ тиынды (\_\_\_\_\_ теңге \_\_\_

тиын) (егер Жеткізуші ҚҚС төлеушісі болса) (бұдан әрі - Шарттың Жалпы сомасы) құрайды, осы сомаға \_\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын (\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын) мөлшеріндегі Қызмет құны, <және \_\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын (\_\_\_\_\_ теңге \_\_ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасы (егер Жеткізуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, Шарттың Жалпы сомасынан Шарттың 2.6, 2.7, 2.8 және 2.9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады)> кіреді. Шарттың Жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Қызметтерді көрсетуге байланысты барлық шығындары кіреді.

2.2. Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші келесі тәртіпте Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізеді:

Жеткізуші Тапсырыс берушіге тиісінше ресімделген төлем шоттары мен шот-фактураны ұсынған жағдайда, Тараптардың уәкілетті тұлғалары Орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісіне (бұдан әрі - Акті) қол қойған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Шарттың жалпы сомасының 100% (жүз пайызы) мөлшерінде тиісінше Қызметтер көрсету фактісі бойынша.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін басқа да осы сияқты төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша \_\_\_\_\_ (валюта түрі) жүргізеді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзіне табыс салығы салынуы тиіс (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Егер Жеткізуші кірістің түпкілікті алушысы және халықаралық шарт жасалған елдің резиденті болса, Тапсырыс беруші Шарттың Жалпы сомасын төлеген кезде тиісті халықаралық шартында көзделген салық салудан босатуды немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін өз бетінше қолдануға құқылы (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.7. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы қаражат көздерінен алынатын табыстарына қатысты қолданылады (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Халықаралық шартты салық салудан босату немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес келетін резиденттігін растайтын құжатты және бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшыларын (қатысушыларын) және мажоритарлық акционерлерін көрсете отырып, құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін не сауда тізілімінен (бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген акционерлердің тізілімінен немесе өзге де ұқсас құжаттан) үзінді көшірмені табыс еткен жағдайда ғана рұқсат етіледі (бұл

*тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).*

2.9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрылған жағдайда, Жеткізуші бейрезиденттің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде тіркелгенін растайтын құжатты ұсынған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстамастан табыс сомасын төлейді (*бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).*

2.10. Факсимильдік байланыс арқылы және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші бар және оларды кейіннен келесі 5 (бес) жұмыс күні (Алматы қаласынан тыс жердегі жеткізушілер үшін) ішінде түпнұсқаға ауыстыра отырып Тапсырыс беруші қабылдайды.

2.11. Жеткізуші тиісті түрде ресімдемеген қажетті төлем құжаттарын уақтылы ұсынбау немесе ұсыну Тапсырыс берушіні уақтылы ақы төлемегені үшін жауапкершіліктен босатады.

### **3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ**

#### **3.1. Тапсырыс беруші:**

- 1) Жеткізушінің Шарт талаптарына сәйкес көрсеткен Қызметтерін Акті негізінде қабылдауға;
- 2) Жеткізушінің жазбаша сұратуы негізінде Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауы үшін оған қажетті құжаттарды (ақпаратты) және материалдарды ұсынуға;
- 3) төлемді Шарттың талаптарына сәйкес жүргізуге құқылы;
- 4) Тапсырыс беруші мен Жеткізушінің уәкілетті өкілдері Актіге қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде және (немесе) Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеген күннен бастап Жеткізушіге Шарттың орындалуына енгізілген қамтамасыз етуді қайтаруға міндеттенеді (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талабы болғанда).

#### **3.2. Тапсырыс беруші:**

- 1) Жеткізушіден Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтердің толық көлемде және мерзімде тиісті түрде көрсетілуін талап етуге;
- 2) Қызметтер көрсету барысын және оның сапасын бақылайтын уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;
- 3) Қызметтерді көрсету, көрсетілген Қызметтерді қабылдау-тапсыру процесінде кемшіліктер, ескертулер, сәйкессіздіктер, шала жұмыстар, қателер және/немесе өзге де кемшіліктер (бұдан әрі - ақаулар) анықталған жағдайда - анықталған ақаулар туралы жазбаша хабарлама жіберу жолымен Жеткізушіден оларды Шартта белгіленген мерзімде жоюды талап етуге не Қызметке ішінара немесе толық төлеуден бас тартуға және Жеткізушіге дәлелді жазбаша бас тарту бере отырып, Актіге қол қоймауға;
- 4) Шартты кез келген кезеңде Шартта көзделген жағдайларда және тәртіпте біржақты тәртіппен бұзуға;
- 5) Шарттың 3.3-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін

жағдайды өз ұйғарымы бойынша бағалауға, Жеткізушінің кінәсінен туындамаған объективті себептер болған жағдайда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;

6) Шарттың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізушіден растау құжаттарын талап етуге;

7) Жеткізушіден Қызметтерді тиісінше көрсетпеу салдарынан келтірілген залалды өтеуді талап етуге;

8) Жеткізушіден Шарттың 6-бөлімінің талаптарына сәйкес есептелген өсімпұл (тұрақсыздық айыбы, айыппұл) сомасын төлеуге жататын Шарттың жалпы сомасынан ұстап қалуға;

9) егер Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы, не Шартта көзделген мерзім мен тәртіптегі негіздер бойынша тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлемеуі салдарынан Шарт бұзылса, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармауға құқылы (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талаптар болған кезде).

### **3.3. Жеткізуші:**

1) Қызметтерді Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптармен толық көлемде көрсетуге;

2) Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Қызмет көрсетудің барысы туралы ақпарат ұсынуға;

3) Қызметтерді білікті мамандардың көрсетуін қамтамасыз етуге;

4) Қызметтерде анықталған ақауларды Тапсырыс берушімен келісілген, бірақ Тапсырыс берушіден анықталған ақаулар туралы тиісті хабарламалар алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде өз қаражаты есебінен дербес жоюға;

5) Жеткізушінің ақауларды Шартта белгіленген мерзімде жоюы мүмкін болмағанда/оны жоюдан бас тартқан жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

6) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды ақпаратты жарияламауға және оны құпия сақтауға;

7) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе оны тиісті түрде орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

8) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген сәтте Шартты уақытында орындауға кедергі келтіретін жағдайдарға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжанатын ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;

9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен және де ішінара түрде басқа біреуге бермеуге;

10) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанда немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

11) Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың жалпы

сомасының 3% (үш пайызы) мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуге (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талаптар болған кезде);

12) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан, Тапсырыс берушіден алынған не қызмет көрсету процесінде белгілі болған коммерциялық және конфиденциалды басқа да ақпаратты жария етпеуге және құпияда сақтауға;

13) Қызмет көрсету кезеңінде Қызмет көрсету бойынша қызметті үйлестіру үшін байланысатын тұлғаны айқындауға, Қызметтерді пайдалану тәртібіне, олардың қасиеттері мен ерекшеліктеріне қатысты Тапсырыс берушінің персоналына консультация беру, сондай-ақ Қызмет көрсетуге байланысты техникалық мәселелерді шешу бойынша практикалық көмек көрсетуге;

14) Тапсырыс берушінің жазбаша келісімін алмастан (Шартты орындауды іске асыру мақсатында қоспағанда) Қызмет көрсету процесінде алынған немесе белгілі болған құжаттарды және/немесе ақпаратты пайдаланбауға;

15) Тапсырыс берушіге келесі Қызметті көрсетуге кепілдік беруге:

- операциялық аудит бойынша - мынадай салада/ларда (қалауы бойынша) біліктілігі/тері бар сертификатталған мамандар: «Тәуекелдерді басқару», «Ішкі бақылау басқармасы» немесе «Ішкі аудит басқармасы»;

- қызметтің үздіксіздігі процесін бағалау бойынша - мынадай салада/ларда (қалауы бойынша) біліктілігі/тері бар сертификатталған мамандар: «Қызметтің үздіксіздігін басқару», «Ақпараттық технологияларды басқару», «АТ-архитектурасын басқару», «Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету», «АТ-тәуекелдерін басқару», «Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін басқару»;

16) Жеткізуші қайта ұйымдастырылған немесе таратылған не Жеткізушінің аудиторлық қызметті жүзеге асыруға құқықтары өзгерген, шектелген немесе жоғалған жағдайларда (лицензияға қосымшаны/ларды қайта ресімдеуді, лицензияны тоқтата тұруды, лицензияның қолданылуын қайта бастауды, лицензиядан айыруды және т.б. қоса алғанда, лицензияны қайта ресімдеу) - бұл туралы Тапсырыс берушіге тиісті шешім қабылданған, уәкілетті органның шешімі алынған күннен не уәкілетті органның осындай шешім қабылдағаны туралы белгілі болған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен кешіктірмей жазбаша хабарлауға.

17) Қызмет көрсетудің жоспарланған басталу күнінен 3 (үш) күнтізбелік күн бұрын Тапсырыс берушіге ұсынуға;

- формасы Шартқа №3 қосымшада көзделген Жеткізуші қол қойған құжаттың түпнұсқасы - «Конфиденциалдылықты сақтау туралы келісім»;

- формасы Шартқа № 4 қосымшада көзделген құжаттың түпнұсқалары - Жеткізуші осы Шарт бойынша Қызмет көрсетуге тартқан, Операциялық аудит және Қызметтің үздіксіздігін басқару процесін бағалау жөніндегі Жеткізуші командаларының құрамына кіретін тұлғалар қол қойған «Конфиденциалды ақпаратты жария етпеу туралы міндеттемелер»;

18) сатып алуға қатысу шеңберінде Жеткізуші бастапқыда мәлімдеген Жеткізуші командасының/ларының мүшесін/лерін ауыстыруды жүзеге асыру қажеттілігі туындаған жағдайда - Жеткізуші мәлімделген кандидатураның/лардың біліктілігін растайтын құжаттарды

қоса бере отырып, Тапсырыс берушіні жазбаша хабардар етуге және оны/оларды Жеткізуші командасының/ларының құрамына енгізу үшін оларды Тапсырыс берушімен келісуге міндетті. Бұл ретте Жеткізуші Тапсырыс берушіні команда/командалар мүшесін/мүшелерін ауыстырудың алдағы күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей хабардар етуге тиіс. Жеткізушінің команда/командалар мүшесін/лерін ауыстыруы Тапсырыс берушінің жазбаша келісімін алғаннан кейін ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

19) Тапсырыс берушіге Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Шартқа №2 қосымшаның талаптарына жауап беретін Қызметтердің уақтылы және сапалы көрсетілуіне кепілдік беруге;

20) Шарт бойынша міндеттемелерді орындамауға немесе тиісінше орындамауға байланысты шығыстарды дербес көтеруге;

21) Қазақстан Республикасы заңнамасының және Тапсырыс берушінің ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтауға міндеттенеді.

### **3.4. Жеткізуші:**

1) Қызметтерді көрсеткен кезде бірлесіп орындаушыларды тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізушінің бірлесіп орындаушыларға жалпы Қызмет көлемінің үштен екі бөлігінен асатын Қызмет көлемін беруге рұқсат етілмейді;

2) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша Қызмет көрсету үшін қажет ақпараттын жазбаша түрде сұратуға;

3) Шарттың талаптарына сәйкес көрсетілген Қызметтер үшін төлем алуға **құқылы**.

## **4. ҚЫЗМЕТТЕР КӨРСЕТУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ**

4.1. Қызметтер көрсету мерзімі Шарт күшіне енген күннен бастап 2024 жылғы 22 қарашадан кешіктірмей.

4.2. Қызметтер көрсету орны: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Сәтбаев к-сі, 30/8, 163-тұрғын емес үй-жай (Тапсырыс берушінің орналасқан жері өзгерген жағдайда - оның нақты орналасқан жері бойынша).

## **5. КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ**

5.1. Қызметтерді тиісінше көрсету фактісі бойынша Жеткізуші Тапсырыс берушіге өз тарапынан қол қойылған Актіні 2 (екі) бірдей данада, төлем шотын және шот-фактураны жібереді.

5.2. Тапсырыс беруші Көрсетілген қызметтер көлемінің сапасын, толықтығын және олардың Шарт талаптарына сәйкестігін тексеруді Актіні алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады және ақаулар болмаған жағдайда Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қояды.

5.3. Жеткізуші белгіленген мерзімде жоймаған ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші оларды Актіде көрсетеді, бұл Шарттың 6-бөлімінде көзделген тұрақсыздық айыбын өндіріп алу үшін негіз болып табылады.

5.4. Қызметтер Тараптар Актіге қол қойған күннен бастап көрсетілген болып есептеледі.

## **6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

6.2. Төтенше жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен Шарт аясында Жеткізушіден тұрақсыздық айыбын өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынаны:

1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзімді бұзған жағдайда – кешіктірген әр күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасынан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10 % (он пайыздан) аспайтын мөлшерде өсімпұл;

2) көрсетілген Қызметтерде ақауларды жою мерзімін бұзған жағдайда – кешіктірген әр жұмыс күні үшін, ақауларды жою күнін қоса алғанда, Шарттың жалпы сомасынан 0,1 % (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10 % (он пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді;

3) көрсетілген Қызметтердегі ақауларды жою мүмкін болмаған/оларды жоюдан бас тартылған жағдайда – Шарттың жалпы сомасынан 10% (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді;

4) Шарттың 3.3-тармағының 16), 18) тармақшаларында көзделген мерзім бұзылған жағдайда – тиісінше ақпаратты берілген күнді қоса алғанда, әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының 5% (бес пайызынан) аспайтын мөлшердегі өсімпұл.

6.3. Тараптың бірі Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда, конфиденциалды ақпаратты ашқан Тарап екінші Тарапқа Шарттың жалпы сомасының 10 % (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді. Мұндай жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіден Шарт бойынша Қызмет көрсету үшін тартылған Жеткізушінің өзімен және/немесе өзге де тұлғаларымен (қызметкерлерімен/аудиторларымен) конфиденциалды ақпаратты жария ету салдарынан келтірілген залалды өтеуді талап етуге құқылы.

6.4. Шарт бойынша ақы төлеу мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге кешіктірген әр жұмыс күні үшін төлеуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5% (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.5. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем жасаған кезде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын дербес түрде ұстап қалуға құқылы.

6.6. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.7. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.8. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету толық көлемде ұсынылмаған жағдайда, Жеткізуші

Тапсырыс берушіге Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің жеткізілмеген сомасының 1% (бір пайызы) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талаптар болған кезде).

6.9. Жеткізуші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбеген не уақтылы енгізбеген жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз ету сомасын қайтармайды (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талаптар болған кезде).

6.10. Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіппен бұзылған жағдайда, Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы не тиісінше орындамауы салдарынан Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын қайтармайды. Бұл ретте Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша орындалмаған міндеттемелерге теңдей Шарт бойынша өзі төлеген төлем сомасын қайтаруды жүзеге асыруға міндетті (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талаптар болған кезде).

6.11. Тапсырыс беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге алынбаған пайдасын өтемейді және Жеткізуші ұсынған қажетті құжаттардың негізінде расталған Жеткізушіге келтірілген нақты залал үшін ғана жауапты болады.

6.12. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Тараптар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама, іскерлік әдеп және парасаттылық нормаларын, адал бәсекелестік қағидаттарын сақтауға міндеттенеді.

6.13. Осы Шарт сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар нәтижесінде жасалған жағдайда, уәкілетті мемлекеттік органдардың, мүдделі тұлғалардың немесе прокурордың талап қоюы бойынша сот Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен жарамсыз деп таниды.

## **7. КОНФИДЕНЦИАЛДЫЛЫҚ**

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарын және ұсынатын Тарап конфиденциалды ретінде (оның ішінде Тапсырыс беруші немесе оның атынан басқа тұлғалар ұсынған ақпарат) белгілеген барлық ақпаратты басқа Тарап аталған ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тарапқа жария етпейтінін мойындайды, оған мына:

1) Жеткізуші Шартты орындау үшін тартқан қызметкерлерге ұсыну. Көрсетілген ақпарат осы қызметкерлерге конфиденциалды және бұл шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажет көлемде ғана берілуге тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылатын немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылатын жағдайлар қосылмайды.

7.2. Жеткізуші Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа, жоғарыда аталған қандайда бір құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдаланбайды.

7.3. Конфиденциалды ақпарат жария етілген жағдайда, Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

7.4. Шарттың 7.1 және 7.2-тармақтарында және «Конфиденциалдылықты сақтау туралы келісімде» (Шартқа № 3 қосымша) көзделген міндеттемелерді орындау үшін Жеткізуші осы Шарт бойынша Қызмет көрсетуге тартылған адамдардың «Конфиденциалдылықты сақтау туралы келісімнің» талаптарымен танысуын, сондай-ақ олардың «Конфиденциалды ақпаратты жария етпеу туралы міндеттемелерге» (Шартқа № 4 қосымша) қол қоюын Тапсырыс берушіге қол қойылған құжаттардың түпнұсқаларын келесі мерзімде - осы Шарт бойынша Қызметтер көрсету басталатын жоспарланған күнге дейін кемінде күнтізбелік 3 (үш) күн бұрын ұсына отырып, қамтамасыз етеді.

7.5. Шарттың 7.1-тармағының 2) тармақшасында көзделген жағдайда Жеткізуші Тапсырыс берушіге Жеткізушінің және/немесе Жеткізуші осы Шарт бойынша Қызмет көрсетуге тартқан тұлғалардың конфиденциалды ақпаратты жария етуінің туындаған фактісі туралы жазбаша хабарлауға міндеттенеді.

7.6. Конфиденциалды ақпаратты, оның ішінде Жеткізуші осы Шарт бойынша қызмет көрсетуге тартқан тұлғалар жария еткен жағдайда, Жеткізуші Шарттың 6-бөлімінде көзделген жауапкершілікті көтереді.

## **8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ)**

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін, егер ол Тараптар күні бұрын болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен дүлей күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және басқа табиғат апаттар, экологиялық апаттар, әскери іс-әрекеттер, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, шектеу шаралары жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер басталуы, Тараптар болжай алмайтын және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер ететін Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, онда Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың болуы кезеңіне ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап, басқа Тарапқа Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, олардың басталғаны және тоқтағаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлайды, сондай-ақ ол тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер, дәлелді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, осыдан кейін бірде-бір Тарап басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды ол қаншалықты орынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген міндеттемелерге қатысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

## **9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ**

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеу үшін барлық қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

9.2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қаралады.

9.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда, олар Тапсырыс берушінің орналасқан орны бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

## **10. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ**

### **ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ**

10.1. Орналасқан орны және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

10.2. Шарттың 10.1-тармағында көрсетілген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер қосымша келісіммен ресімделіп, оған Тараптар қол қояды.

10.3. Тапсырыс беруші мына:

1) Тапсырыс беруші Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;

2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;

3) сатып алу қорытындысына әсер еткен Қағидаларын және (немесе) талаптарын бұзушылықтар анықталған;

4) Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) Жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткен;

5) егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылғанда. Мұндай жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік атқармайды;

6) Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;

7) Шартты одан әрі орындау мақсатқа лайықты болмаған жағдайда, кез келген сатыда біржақты тәртіпте Шартты бұзуға құқылы.

10.4. Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты болжанатын бұзу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарлама жібереді, осы мерзім өткеннен кейін Шарт бұзылды деп саналады. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс.

## **11. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАБЫ**

11.1. Шарт Жеткізуші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді толық көлемде енгізген күннен бастап күшіне енеді және Тараптар ол бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуі туралы талаптар болған кезде).

## **12. ШАРТ ТІЛІ**

12.1. Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде электрондық нысанда

жасалды.

### 13. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

13.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) Шарттың ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

13.2. Тараптардың біреуі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

### 14. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

#### Тапсырыс беруші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>  
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның заңды мекенжайы>  
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның нақты мекенжайы>  
<Тапсырыс берушінің ЖСК>  
<банк атауы>  
<Тапсырыс берушінің БСН>  
<Тапсырыс берушінің БСК>  
<Тапсырыс берушінің БЕК>  
**Тапсырыс беруші атынан**  
\_\_\_\_\_ <қол қоюшының аты-жөні>  
М.О. (қолы)

#### Жеткізуші:

<Жеткізушінің толық атауы>  
<Жеткізуші орналасқан орынның заңды мекенжайы>  
<Жеткізуші орналасқан орынның нақты мекенжайы>  
<Жеткізушінің ЖСК>  
<банк атауы>  
<Жеткізушінің БСН>  
<Жеткізушінің БСК>  
<Жеткізушінің БЕК>  
**Жеткізуші атынан**  
\_\_\_\_\_ <қол қоюшының аты-жөні>  
М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ө. - аты-жөні.

## ДОГОВОР

<идентификационный номер>

### о закупках услуг

<наименование услуг>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 1) пункта 17 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, уполномоченным органом по регулированию, контролю и надзору финансового рынка и финансовых организаций, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее - Правила), и протоколом об итогах закупок услуг <наименование услуг> способом тендера <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее - Договор) о нижеследующем.

### 1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик на портале закупок \_\_\_\_\_ разместил объявление о проведении закупок услуг <наименование услуг> (далее - Услуги) способом тендера и принял тендерную заявку Поставщика на сумму \_\_\_\_\_ тенге \_\_\_ тиын (\_\_\_\_\_ тенге \_\_\_ тиын), <без учета суммы НДС>.

